

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында (Астана қаласы) жоғары білімді мамандар даярлау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1037 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында (Астана қаласы) жоғары білімді мамандар даярлау туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бірғаным Сарықызы Әйтімоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында (Астана қаласы) жоғары білімді мамандар даярлау туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 808 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында (Астана қаласы) жоғары білімді мамандар даярлау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кедендей одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттерде жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және оның қызметі жөніндегі келісімді, 2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің (бұдан әрі - ММУ) филиалын құру туралы хаттаманы басшылыққа ала отырып,

М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің Қазақстандық филиалында (бұдан әрі - филиал

-) жоғары білімді біліктілігі жоғары мамандар даярлау мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Филиалда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша кәсіптік жоғары білімді мамандарды нысаналы даярлау Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан жүзеге асырылады.

2-бап

Филиал студенттеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедрасында оқу құқығы беріледі.

3-бап

Оқу жоспарларын ойдағыдан орындаған филиал студенттеріне М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің дипломы беріледі.

4-бап

Филиалда оқу Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс құші ретінде оларды тартуға рұқсаттар беру рәсімінен өтпей-ак, дәрістер беру мен оқу жұмысының басқа да түрлерін жүргізуде ММУ-дің профессорлық-оқытушы құрамының қатысуымен жүзеге асырылады.

5-бап

Оқу процесіне қатысу үшін филиалға іссапарға жіберілген ММУ-дің профессорлық-оқытушы құрамына қызметтік іссапарлар кезінде елден тысқары шығатындар үшін Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде филиал қаражатынан өтемақы төлеу жүргізіледі.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану мәселелері жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас белігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

7-бап

Осы Келісім оны құшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алғынған күннен бастап
күшине енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тарапты оның қолданылуын өзінің тоқтату
ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткенге дейін
қолданыста болады.

2004 жылғы "___" Астана қаласында әрқайсысы орыс және қазақ тілдерінде
екі данада жасалды және де барлық мәтіндерінің бірдей күші бар.

Келісім мәтінін түсіндіруде алшақтықтар болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі
мәтінге сүйене алады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК